1) *Туісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;*

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы (2-қосымшаның 46-т., 3-қосымшаның 62-т.,4-қосымшаның 56-т.) мектепте мынадай оқыту кезеңдері мен мерзімдері айқындалған:

- 1) бастауыш білім, 1-4 сынып (оқу мерзімі 4 жыл);
- 2) негізгі орта білім, 5-9 сынып (оқу мерзімі 5 жыл);
- 3) жалпы орта білім, 10-11 сынып (оқу мерзімі 2 жыл)

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ білім алушыларының жалпы саны.

01.09.2022 оқу жылындағы жағдай бойынша
Барлығы- 704 білім алушы:
1-4 сыныптар -275
5-9 сыныптар-348
10-11 сыныптар -81
Оқу деңгейлері бойынша сыныптардың орташа толымдылығы:
1-4 сыныптар-20;
5-9 сыныптар-20;

10-1111 сынып – 16.
 Сыныптар оқу деңгейлері
 бойынша жиынтықтар:
 1-4 сыныптар - 14 жиынтық
 сынып;
 5-9 сыныптар-17 жиынтық
 сынып;
 10-11 сыныптар – 5
 жиынтық сынып;

Мектепте 36 жиынтық сыныптар бар. Барлығы қазақ тілінде оқиды. Оқушылардың жалпы саны 704 болса, сыныптың орташа толымдылығы 20 оқушыны құрайды.

Мектептегі сабақтар екі ауысымда өткізіледі:

Бірінші ауысымда 537 білім алушы (29 жиынтық сыныптар) оқиды, оның ішінде: бастауыш білім - 1 сыныптар – 56 білім алушы (3 жиынтық сынып), 4 сыныптар – 82 білім алушы (4 жиынтық сынып), 5 сыныптар - 69 білім алушы (3 жиынтық сынып), 6 сыныптар - 78 білім алушы (4 жиынтық сынып); негізгі орта білім - 5,6,7,8,9 сыныптар – 348 оқушы (17 жиынтық сынып); жалпы орта білім 10-11 сыныптар- 81 оқушы (5 жиынтық сынып).

Екінші ауысымда 167 білім алушы (7 жиынтық сыныптар) оқиды, бастауыш білім 2- сыныптар – 72 білім алушы (4 жиынтық сынып), 3-сыныптар- 65 білім алушы (3 жиынтық сынып)

2. *Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.*

2023-2024 оқу жылы:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

<http://sc0003.akkol.aqmoedu.kz/content/uchebnaya-programma-obuchenie-na-domu>

<http://sc0003.akkol.aqmoedu.kz/content/raspisanie-urokov-na-domu>

<http://sc0003.akkol.aqmoedu.kz/content/vkk-i-pmpk>

Барлығына арналған «білім парадигмасының» құрамдас бөлігі болып табылатын инклюзивті білім беру барлық балалардың жалпы білім беретін мектепке баруына және олардың зияткерлік немесе физикалық қабілетіне, мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни қатыстылығына қарамастан құрдастарымен бірге оқытуға мүмкіндік теңдігін көздейтін тәсіл болып табылады.

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (2002 жылғы 11 шілдедегі № 343) Кемтар балалардың үш жастан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш және негізгі орта білім арнаулы немесе жалпы білім беретін білім беру ұйымдары жағдайында жеті он жастан бастап ала алатынын айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысымен бекітілген жалпы білім беретін ұйымдар (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды жалпы білім беруге қосудың екі нысаны көзделген: бұзушылық түрлері бойынша қарапайым сыныптар мен арнайы сыныптар.

"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 181 сырттай, экстернат және қашықтықтан оқыту нысаны бойынша оқыту" (5-т.) қаулысына сәйкес. Осы құжатта мемлекет инклюзивті білім беру мақсатын іске асыра отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар азаматтарға білім алу үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді, білім берудің барлық деңгейлерінде даму мен әлеуметтік бейімделудің бұзылуын түзетеді.

Үйде оқитындардың қажеттіліктері Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады (2.3-қосымшалар). Жұмыс оқу жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының негізінде құрастырылған. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім беретін мектептердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы...Қазақстан Республикасының білім беру (9, 53, 55-қосымшалар)

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік хат

2023-2024 оқу жылында «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ақкөл қаласының Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде екі оқушы білім алуда:

1 Манарбекқызы Аружан , 04.04.2012 ж.т., ВКК 25.08.2023 № 4462, ПМПК қорытындысы, көру қабілеті нашар балаларға арналған арнайы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарымен оқытылады

2 Еркінбек Нұрдәулет , 26.03.2011 ж.т., ВКК 25.08.2023 ж № 4460 , ПМПК қорытындысы: жеңіл ақыл ой кемістігі үйде оқу жоспарында оқыту.

ПМПК ұсынымдары негізінде оқу жоспары мен сабақ кестесі жасалды, жеке кесте мектеп директорымен қарастырылып бекітілді және оқушылардың ата-аналарымен келісілді, мұғалімдер бекітілді. Үйде тегін оқытуға арналған жеке оқу бағдарламасына сәйкес үйде оқыту үшін оқу жүктемесі құрастырылған.

Барлық пән мұғалімдері сағат кестесімен таныс, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауды дайындау бойынша ұсыныстар берілген.

Типтік оқу жоспарлары (немесе жұмыс оқу жоспарлары) негізінде мұғалімдер пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды жасап, оны мектеп директоры бекітті.

. Пән мұғалімдері «Балалардың даму динамикасы» бақылау күнделіктерін жүйелі жүргізді.

Барлық КТЖ, кестелер «Kundelik.kz» электронды журналында толтырылған.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

<http://sc0003.akkol.aqmoedu.kz/content/godovoy-plan-vr-2023-2024>

«Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жаңа бағдарлама негізінде жұмыс жоспарланды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық құндылықтарға негізделіп Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап бағыттары жүзеге асырылуда.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған. «Туған жер» бағдарламасы өзеліне, өз ауылына, өз қаласына деген махаббаты, жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған. Аталған бағдарлама «Рухани жаңғыру» жалпы сана-сезімін қалыптастыру бағдарламасының ең негізгі элементі болып табылады. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4) білім алушылардың субъективті жаңа білімдерді меңгеруі, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті меңгеруі, жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу мәселелерін шешуге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

(бағаланатын кезең үшін тәрбие жұмысының көшірмелері қоса беріледі)

Мектептегі тәрбие жұмысы "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы "2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатты іске асыру жағдайында жоспарланған және осы бағыттарда жұмыстар жүзеге асырылады. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Барлық тәрбие қызметінің жұмыстары келесі бағыттарға сәйкес құрылады:

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

ҚЫРКҮЙЕК- БІЛІМ АЙЫ.

1 қыркүйек - білім күні *«Мектеп – мейірім мекені» атты «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны өтті.* Шараға ауылдық округ әкімі, зейнеткер ұстаздар қатысты. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Міндеттері: білім алушылардың бойында оқуға құштарлыққа ұмтылысын қалыптастыру; білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту; өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру. Алғашқы қоңырау салтанаты мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуден басталды. Мектеп директорының құттықтау сөзінен кейін, бірінші сынып оқушылары әдеби монтаж оқып, алғашқы қоңырау соғылды. Салтанатты жиыннан кейін 1-8 сыныптарда «Сәлем, жаңа оқу жылы!» тақырыбында, 10-11 сыныптарда Абайдың «Толық адам ілімі» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.

1-9 сыныптарда «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбындағы тәрбие сағаттарында сынып жетекшілер оқушыларға жолда жүру ережелерін таныстырып, оларды сақтау қауіпсіз қозғалыс кепілі екендігін түсіндірді.

«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы бойынша «Мектеп – мейірбандық мекені» тақырыбында қайырымдылық акциясы өтті. Акция барысында аз қамтылған отбасы балаларына заттай көмектер көрсетілді.

Қазақтан халқы Тілдер күніне орай мерекелік ашылу өтті. Жоспар негізінде «Мен қазақ тілін таңдаймын!» челлендж, «Өлең – сөздің пашасы, сөз сарасы» аудандық байқауға жас маман Қыпшақ Жолбарыс және 11 сынып оқушылары Айдарбекова А.А; Нурпейсова А. қатысып үздік деп танылды. Аудандық «Тіл қаруы-сөз, сөз қаруы-ой» интеллектуалды сайысына мектептен «Үш арыс» тобы қатысып 1-орын иеленді. Орталық кітапханамен бірлескен «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры». Мектепшілік Тілдер мерекесіне орай «Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі ілім біл» іс-шарасы өтті.

11-15 қыркүйек аралығында «Отбасы күніне» орай жоспар бойынша іс –шаралар қамтылды. Бастауыш сыныптар «Менің отбасым-менің тірегім» тақырыбында сынып сағаты, 5-11 сыныптарға «Отбасы – бақыт мекені» сынып сағаттары өтті. «Менің берік отбасым» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар тақырыптық әдемі суреттер салып, шығармашылықтарын көрсете білді. «Бақытты отбасы – зорлық-зомбылықсыз әлем» атты дөңгелек үстел 8-9 сынып оқушыларымен өтті. Оқушылар тақырып аясында негізгі

мәселелерді қозғап, пікір алмаса білді. Сонымен қатар, кітаптар көрмесі және «Мен, Сен, Ол, Біз берік отбасымыз» отбасылық ата-аналардың қатысумен спорттық сайыс ұйымдастырылды.

«Жаңа оқу жылының ерекшеліктері» Ата-аналар жиналысында оқу жылының ерекшеліктері туралы, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы айтылып, ұйымдастырылатын шаралар туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша «Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтарында оқушыларға туған жерін, елін, Қазақстанның Қарулы күштеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында халық батырлары дәріптеліп, олардың ерліктері насихатталды.

«Қожа Ахмет Ясауидің хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай сынып сағаттарында Қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ерекше тұлға туралы, оның ілімі туралы мағлұмат берілді.

Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес мақсатында мектепте әр ауысымның алдында оқушылар дене сергіту жаттығуларын жасау ұйымдастырылды. Оқушылар 8 қыркүйек күні сағат 12.00-де бірыңғай дене сергіту жаттығулар челленджіне қатысты.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында 1-тоқсан «Ақындар айтысы» сайысы ұйымдастырылды. Оқушыларға Айтыс өнерін дәріптеу мақсатында «Айтыс дегеніміз не?», «Айтыс өнері» тақырыбында танымдық сағаттары өтті. Ата –аналардың қатысуымен «Менің отбасым-шығармашыл отбасы» тақырыбында Айтыс өнерін насихаттау жүргізілді. Ибраева С.А. өз арнауын жеткізді. Өзін –өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» пікірталас алаңы жаолғасын тапты. Өзара тақырып аясында қызу талқылау өтті. Сонымен қатар, республикалық Айтыс челленджіне қатысып, айтыс өнерін насихаттауға үлесімізді қоса білдік. Қазақтың айтыскер ақыны Оразалы Досбосыновтың құрметіне сынып сағаты ұйымдастырылды.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1-қазан Қарттар күні орай ардагер ұстаздарымызды құттықтап бардық. Ән –күйімізді арнап, құрметтемізді көрсеттік. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Ақылдары кең қариялар» тақырыптарында сыныптан тыс іс-шаралары өтті. Қарияларымызға арналған видео құттықтаулар жолданды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Мананбаева А.К. интернат оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Құрметті қонағымыз өзінің еңбек жолын еске түсіріп, тәрбие алатын тұстарын айтып өтті. Балалардың сұрақтарына жауап берді. Қазыналы қарт ұстаздарымыз Б.Ж.Сыздыкова және Х.Ш.Абылғалимова үйіне барып мерекемен құттықтады.

5-қазан Ұстаздар күні жоспарланып жүргізілді. Білім алушылар арасында түрлі этнос өкілдерінен шыққан оқушылар, мектептің өзін өзі басқару ұйымы және жалпы оқушылар атынан виедо құттықтауларын жолданды. Атаулы мерекеге байланысты тақырыптық сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Өін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Дублер күні және «Ұстаз мектептің жүрегі» мерекелік концерт өткізді.

Ұлы тұлғаларды ұлықтау мақсатында «Шәкәрім мұрасы-мәңгілік шежіре» аудандық интеллектуалды байқау өтті. Аудан мектептерінің қатысуымен іс-шарасында мектебіміздің «Адамдық бопрышым» командасы бас жүлдені жеңіп алды. «Әл Фараби –ұлы ойшыл» тақырыбында 5-сынып оқушыларына жүргізілді.

25-қазан Республика күніне қарсаңында Мектептің белсенді оқушылары «Бабалар ескерткіштері –ұрпаққа аманат» ұранымен қала ішіндегі ескерткіштер маңын тазалап, ретке келтіруге қолұшын берді. Жоспар бойынша Тәуелсіз мемлекетіміздің мәртебесін ұлықтау

мақсатында кітаптар көрмесі, «Тәуелсіз елім-Қазақстан» сурет көрмесі, «Әнұран айту» челленджі, тақырыптық сынып сағаттары, пікір сайыс, мектеп белсенділері мен жалпы оқушылар құттықтауларын жеткізді.

Оқуға құштар мектеп жобасы. Мақсаты: Оқушылар бойында кітап оқу құштарлығын оятып, қызықты кітаптарды оқуға ұсыну. Мектеп медиатекасында өткен бұл іс-шараға 5-8 сынып оқушылары қатысты. Мектеп кітапханашысы А.Ш.Кулмаганбетова оқушыларға Мұқағали Мақатаевтың, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағын таныстырып, оқушылар ақындар өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

«Мен өмірдің жарқын болашағын қалаймын» психологиялық тренинг мақсаты: 1-9 сынып оқушылардың бойында ісіне жауап беру, болашаққа жоспар құру дағдыларын қалыптастыру. Мектеп психологының ұйымдастыруымен болған тренинг 1 сыныптарда мектепке бейімделу тақырыбында өтсе, 5 сыныптарда орта буынға бейімделу, 9 сыныптарда «Ең маңызды таңдау» тақырыптарында өтті.

«Әкем айтқан нақыл сөз», «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында 5-11 сынып ата-аналарымен жиналыс. Жиналыс мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесіндегі әкенің ролін түсіндіру, позитивті көңіл-күй қалыптастыру. Жиналыс барысында әкенің ролі айқындалып, психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

«Қоғамға қызмет ет» волонтерлік қозғалыс «Бабалар ескерткіштері – ұрпаққа аманат» экологиялық акциясы өтті. Еріктілер мен белсенділер қаладағы тарихи ескерткіштер маңын тазалық жасады.

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

2023 жылғы 13-24 қараша аралығында «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты республикалық онкүндіктің аясында «ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» атты іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша, «Өз құқығыңды қорғай біл» тақырыбына сынып сағаттары 13 қараша күні өтті. «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны 8-20 қараша аралығында жүзеге асырылды. Жоспар негізінде іс-шаралар жүргізілді.

Республикалық науқанның басталуы жайында әлеуметтік желіде хабарландыру берілді. Мектеп әкімшілігі «Біз қатыгез бен зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 10 –қараша күні Дебаттық клуб мүшелері «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында пікірсайыс өткізді. Пікірсайыс барысында қатысушылар тақырып негізінде тартысты ойын көрсете білді. Өзекті мәселелер қозғалды. 10-17 қараша аралығында сынып жетекшілер Балалардың құқықтарын қорғау оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға негізделген сынып сағаттары өтті. Балалардың басты құқықтары жайында ақпарат берілді.

Ата-аналар жиналыстарында «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыптарында сөз қозғалды. Ата –аналарға бала тәрбиесіне байланысты кеңес айтылды. Зорлық-зомбылықты болдырмау және бала құқықтарын сақтауға шақырды.

Мектеп психологтары оқушылармен «Мен бақытты баламын» тренинг жүргізді. Тренинг барысында оқушылардың көңіл күйін ескере отырып, бақытты балалық шақ өткізе алу жолдарын айтып өтті. Психологиялық кеңестер берілді. Жеке сұрақтар мен мәселелер болған жағдайда жеке қабылдауға келуге болатынын айтып өтті.

Науқан барысында «Түнгі қаладағы балалар» түнгі рейд жүргізілді. Қала ішіндегі жасөспірімдер баратын ғимараттар мен орындар тексерілді. Мектеп оқушылары анықталмады. 24-қараша күні Облыстық, аудандық ПБ қызметкерлері, медицина қызметкерлері және мектеп ұжымы мен оқушылардың қатысуымен челлендж ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Аудандық ПБ қызметкерлі және Отбасылық құндылықтар клубының қатысуымен жоғары

сынып оқушыларымен кездесу өтті. Кездесу барысында Отбасылық құндылықтар жайында өте жақсы ақпараттар мен кеңестер айтылды. Викториналық сұрақтар беріліп, оқушылар белсене қатысып, жеңімпазға арнайы сыйлық табысталды.

Науқан барсында өткен барлық іс-шаралар әлеуметтік желілерге жарияланды. Қатыгездік пен зорлық-зомбылықты алдын алу және болдырмау мақсатында жыл бойында түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Осы науқан барысында кешкі ауылда сынып жетекшілер мен мектеп психологы, әлеуметтік педагог, тәрбие ісінің меңгерушісі кешкі рейдке шықты. Рейд кезінде кешкі мезгілде бейсауат заңды өкілінсіз жүрген оқушылар кездеспеді.

15-қараша Қазақстанның ұлттық валютасы 30 жыл толуына орай ақпараттық сағаттары, сыныптан тыс шарасы өтті.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында 2-тоқсан ұлттық спорт түрі «Бес асық», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» ойындарын білім алушыларға ұлттық құндылығымызды насихаттау барысында іс-шаралар жүргізілді. Аудан мектептері арасында өткен ұлттық лига жарысында мектеп командасы 1-орынды иеленді. Ұлттық спорт ойын түрлерін оқушылар үзілісте, пән аралық байланыста танып білді. Денешынықтыру мұғалімдері бастауыш, орта және сынып оқушылары арасында мектепшілік жарыстар өткізді.

Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға бағыттайтын бірқатар жұмыстар атқарылды. Мектеп медбикесі «Жеке гигиенасы», «Тұмауды алдын алу», «ЖҚТБ салдары» т.б. тақырыптарға дәрістер жүргізді. Ата-аналармен бірлескен жұмыс атқару барысында «Әкем, Анам және Мен» отбасылық спорттық сайыс ұйымдастырылды. «Отбасы бақыт мекені» сыныптан тыс іс-шарасы оқушылардың қатысуымен өтті.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған Дебат линасы өтті.

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҰСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай мектепшілік жоспар құрылып жұмыс жүргізілді. «Бейбіт күннің батырлары», сынып сағаты, «Желтоқсан сыйы – Тәуелсіздік» тақырыбында қабырға газеті, «Мен және менің елім» тақырыбында АРТ студияның суреттер көрмесі, «Тәуелсіздік — ел бақыты!» кітаптар көрмесі,

«Отан сүйген ұланбыз» салтантты еске алу жиын, «Егеменмін! Тәуелсізбін! Азатпын!», «Болашақ бүгіннен басталады» дебат тақырыбында оқушылармен желтоқсан оқиғасын еске алу тарихи деректі фильмдері көрсетілді.

Мектепте «Ата-аналарға педагогикалық қолдау» бағдарламасы жоспарланып жүзеге асырылуда. «Отбасы-бақыт бесігі», «Позитивті тәрбие», «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» тақырыптарында психологиялық кеңестер жарияланды. «Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?», «Ақыл айтпа жол көрсет «Оқырман отбасы», «Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?» тақырыптарында ата-аналар жиналыстарында айтылды.

«Тоғыз айға -9 іс шара» тұжырымдамасы негізінде: Желтоқсан «Шығарма жазу: болашаққа хат» шаралары жүргізілді.

Мақсаты: Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу.

Міндеттері:

- ✓ Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
- ✓ Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру

- ✓ Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

Мектепшілік жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру және өткізу кестесі бекітілді. Жаңа жыл мерекесі 26-28 желтоқсан аралығында өткізу жоспарланды.

ҚАҢТАР «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

Үшінші тоқсан «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында «Ұлттық өнер» көрмесі іс-шарасымен басталды.

Мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу. Мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу. Ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру. Отансүйгіштікке және итуған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау.

Жоба аясында оқушылар тоқымшалық, кесте тоқу, ою-өрнек қию, ағаштан бұйым жасау т.б жұмыстар жасап үйренді.

«Елге қызмет абыройлы міндет» дегенді мектепті бітіріп кеткен түлектермен кездесу ұйымдастырылды. С.Нұрмағамбетов атындағы «Жасұлан» әскери кадеттің студенті Е.Елтаев; 2022-2023 оқу жылының түлектері келіп өздері оқып жүрген оқу орындары жайында айтып берді.

Бала қауіпсіздігі басты мәселе болғандықтан оқушылармен бірге оқу жаттығуы ұйымдастырылды. Алғашқы көмек қалай көрсетілу қажеттігі, өз-өзін сақтандыру әдіс тәсілдері көрсетілді.

Республикалық «Дос Бол LIKE: Достық қолын ұсын» республикалық акциясына белсене қатыстық.

Мақсаты: мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Акция барысында оқушылар «Шеберлер қаласы», «Шығармашылық ынтымақтастық», «Кіші зияткерлік академиясы», «Спорттық достық», «Көтеріңкі көңіл-күй», «Еріктілер» бағыттары бойынша іске асырылды. Тақырыптық қабырға газеттері ілінді. Сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары жүргізілді.

19 қаңтарда «Менің өмірім – менің жетістігім» тақырыбында өткен жастар форумында мектеп белсенділері А.Асылбекова және С.Аубакирова аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау аясында ата-аналарды мектеп кітапханасы жұмысымен таныстырылды.

Әкелер мектебі клубының жұмысы жүзеге асырылды. Әкелермен бірлескен волейболдан жолдастық кездесу ұйымдастырылды.

26 қаңтар «Тоғыз айға тоғыз іс-шарасы» жобасы аясында «Қазақ есебі» челленджі жүзеге асырылды.

Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.

Оқушылар түрлі есептер шығару әдістерімен және логикалық тапсырмаларды орындау шаралары орындалды.

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

Ақпан айында «Ауған соғысына 35 жыл» толуына орай жоспарлы түрде іс-шаралар өтті. 12 ақпан 5-сынып оқушыларымен Ауған соғысы ардагерлері Х.М.Сармурзаев; В.Е.Малеванный шақырылып кездесу ұйымдастырылды. Сынып жетекшілері: А.А.Ибраева; Г.А.Балмуханова; Д.К.Сайфидинова; А.Амандық.

АӘД мұғалімі А.Т.Нугербеков «Мерген 2024» жоғары сынып оқушыларымен сайыс өткізді. Жеңімпаздар анықталып, Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу барысында директор Г.Бапарқызының қатысуымен марапатталды. Сонымен қатар мектепшілік 9-11 сынып

оқушыларымен футболдан жолдастық кездесу өтті. 15-ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғаныстан Республикасынан шығарылған күніне орай ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

«Оқуға құштар» мектеп жобасы аясында «Халықаралық кітап сыйлау» күні аталып өтті. Оқушылар өздері оқып аяқтаған кітаптарын сыйлады. Отандық және әлемдік озық шығармаларды насихаттау барсында видеоролик жасалды. Қазақтың ұлы ғалымы Қ.И.Сәтбаев туғанына 125 жыл толуына орай танымдық сағаты өтті.

«Мақал –сөздің азығы, жұмбақ –ойдың қазығы» кітапханашы А.Ш.Кулмағанбетова ұйымдастыруымен сайыс өтті. «Қазақ даласының тұлғалары» тарих пәні мұғалімдерінің қатысуымен дөңгелек үстел.

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

1-Наурыз Алғыс айту күніне орай «Алтын Жүрек» республикалық челленджіне атсалысты. Алғыс айту күніне сынып сағаты, «Көңілді үзіліс» шаралары жүргізілді. Сонымен қатар, сынып сағаттары мен құттықтау видеороликтері жүргізілді.

8-наурыз Халықаралық Әйелдер күніне орай жоспар құрылып іс-шаралар өтті. «Ана бақыты- бала бақыты», «Ардақты ана, аяулы ана қымбаттым» тақырыптарында сынып сағаттары, «Шәкірттер құттықтайды» видео құттықтаулыр, «Өмір сыйлаған Ана» сурет көрмесі, «Ана деген тіршіліктің тірегі» кітап көрмесі, «Қызды тәрбиелеу –ұлтты тәрбиелеу» аналармен кездесу, «Менің анам - алтын» мерекелік концерт ұйымдастырылды.

22-наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай «Наурызнама» онкүндігі жоспарланды.

14 наурыз «Көрісу күні – Амал мерекесі»

15 наурыз Қайырымдылық

16 наурыз Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні

17 наурыз Шаңырақ күні

18 наурыз Ұлттық киім күні

19 наурыз Жаңару

20 наурыз Ұлттық спорт

21 наурыз Ынтымақ

22 наурыз Жыл басы

23 наурыз Тазару

Әрбір атаулы күндерге ата-аналар, мектеп ұжымы және білім алушылар белсене қатысты. Наурызнама онкүндігі үлкен іс-шарамен жалғасын тапты. Сонымен қатар, Ұстаздар қауымы «Ұлттық киім» аудандық челленджіне қатысты.

Оқушылардың көктемгі демалыс уақытын да тиімді пайдалану мақсатында ұлттық спорт ойындары, онлайн фильмдер көру, игі істер жасау сияқты түрлі іс –шаралар ұйымдастырылды. Тоқсан бойында құқықбұзушылықты алдын алу, қаздармен, ұлдармен жұмыс, салауатты өмір салтын сақтау тақырыптары бойынша түсіндіру жұмыстары мен кездесулер жүргізілді.

СӘУІР –ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

Төртінші тоқсан «Тоғыз айға – тоғыз іс -шара» тұжырымдамасы негізінде «Шахмат ойнау» челленджімен бастау алды.

Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

1-30 сәуір аралығында шахмат ойынына арналған түрлі іс-шаралар жоспарланды. Оқушылар арасында сайыс, Мұғалімдер арасында сайыс және ата-аналармен сайыс ойындары өткізілді. Ата-аналардың қатысуымен Шах және мат «Блиц турнир» ойынын ұйымдастырылды.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы аясында «Туған өлкем» фестивалі өтті.

Фестиваль мақсаты: оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, туған өлкені зерделеу арқылы туристік-өлкетану қызметін жандандыру.

«GREEN OASES» ландшафтық экожобалар мектепшілік байқауы

5-сыныптардың қатысуымен өтті.

«Туған өлкенің жер қойнауының байлығы» ғылыми жобасы 3-сынып оқушысы Көкен Ақнұрдың жұмысы қаралды.

«Жасыл Ел» экологиялық акциясы өтті.

12-сәуір Ғылым күніне орай тақырыптық сынып сағаттары. Республикалық ғарыштық байланыс орталығына экскурсия. Лоигикалық ойындар мен тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ айы

«Мамыр – Ынтымақ айы» айлығында 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мектепшілік мерекемен құттықтау жүргізілді. «Бейбіт ел – бақытты бала» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Тақырыптық сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар «Жас Қыран», «Жас Ұлан» республикалық бірыңғай жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны өтті.

3 мамыр – Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» члендігіне мектеп түлектері мектеп ауласына ағаш отырғызды.

7 мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс күні орай ерлік тақырыптарында сынып сағаттары өтті. С.Нұрмағамбетов 100 жыл, Р.Қошқарбаевтың ерен ерліктерін насихаттап сыныптан тыс шараларын жүргізілді. Орталық алаңда оқушылардың қатысуымен Мәңгілік алау ескерткішіне гүл шоқтарын қойылды.

Жеңіс күніне орай Мерекелік лента оқушылар мен мектеп ұжымына тағылды.

Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және оқушылардың терроризмге қарсы санасын тәрбиелеу өзекті.

Мақсаты: баланы денсаулығына, адамгершілік және рухани дамуына зардабын тигізетін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс әсерінен қорғау.

Жыл бойы келесі жұмыстар жүргізілді:

1. оқушылардың сыртқы келбетіне қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын күнделікті бақылау директордың ТЖ жөніндегі орынбасарлары бақылауда ұстады.

2. білім беру мекемесі аумағында азаматтарды мектеп ғимаратына және автокөлікке жіберу режимін күнделікті бақылау.

3. "Интернет желісінде баланы қалай сақтау керек" ата-аналар тыңдауында әңгіме өткізілді;

4. 5-9 сыныптарда терроризмге қарсы мінез-құлықты қалыптастыру бойынша "Күдікті адамдармен қарым-қатынас кезінде қалай әрекет ету керек", "Жарылғыш зат табылған кезде өзін қалай ұстау керек" фильмдері көрсетілді;

5. "Желідегі тартушылар" педагогикалық ұжымымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Балалар мен оқушы жастар арасында діни экстремизмнің, радикалды ислам идеяларын тарату фактілерінің анықтау және алдын алу бойынша аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері мектеп оқушыларымен «ашық есік» күнін ұйымдастырып, кездесу жүргізді.

Әңгімелесу барысында түрлі тақырып бойынша кеңестер айтылды. Оқушылар тарапынан өзекті сұрақтар қойылып, тұжырымды жауаптар берілді.

Ең бастысы өз –өзін қорғаудағы нақты және тексерілген ақпараттар бойынша әрекет жасау керектігін ерекше айтылды.

Сынып сағаттарында діни ұйымдарға қатысатын отбасылар мен оқушыларды анықтау мақсатында, әлеуметтік-педагогикалық диагностика жүргізілді және намаз оқитын және хиджаб киетін оқушыларды анықтау мақсатында сауалнама алынды. Нәтижесі шығарылды. Мектепте хиджаб киетін оқушылар жоқ. Сонымен қатар аудандық ішкі саясат бөлімімен

тығыз байланыста болып біріккен түрлі іс –шаралар жүргізілуде. Арнайы мамандар мен теологтар кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар арасында пікір сайыс жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына арналған кешенді іс-шаралар жоспары құрылды , көмелетке толмағандар арасында Құқық бұзушылық профилактикасы және балаларды қадағалау заңға мойынсынбаушылық мінез-құлықтар қалыптастыру және оларға адамгершілік тәрбие салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Мектебімізде жыл бойы оқушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу мақсатында мынадай жұмыстар іске асырылды. Сынып жетекшілер сынып сағаттарында құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында тақырыптық іс-шаралар жүргізілді. Ақкөл қаласы теміржол станциясының басшысы Н.Т.Назаров, станция аға лейтенант полициясы А.С.Гарипуллин және вокзал қызметкері Р.Б.Шайсултанов "Теміржол - жоғары қауіпті аймақ" тақырыбында түсіндіру лекциясын өткізді. Оқушыларға теміржол маңындағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, сақ болуға шақырды. Оқушылардың сұрақтарына жауап берілді. Мектеп ұжымы және оқушыларға төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздікте жүзеге асатын сақтық шараларын түсіндіру бойынша оқу жаттығу шарасы өтті.

«Түнгі қала қауіпті» мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер тарапынан жүретін рейд уақытымен жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарында жасөспірімдердің құқықбұзушылықтары жайында түсіндірме жұмыстары үнемі ескеріліп, айтылады.

Мектеп психологтары оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг тақырыптар бойынша тренингтер ұйымдастырылды.

Қазан айларында мектеп оқушыларына салауатты өмір салтын сақтауға, денсаулық басты байлық екенін ұғындыру мақсатында "Нашақорлыққа жол жоқ!" тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. « Ашық есік күні» балалар мен оқушы жастар арасында діни экстремизмнің , радикалды ислам идеялары тарату фактілерін анықтау және алдын алу бойынша аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өтті. «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны 8-20 қараша аралығында жүзеге асырылды. Республикалық науқанның басталуы жайында әлеуметтік желіде хабарландыру берілді. Мектеп әкімшілігі «Біз қатыгез бен зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 10 –қараша күні Дебаттық клуб мүшелері «Балалық шақты бірге қорғайық» іс –шара тақырыбында пікірсайыс өткізді. Пікірсайыс барысында қатысушылар тақырып негізінде тартысты ойын көрсете білді. Өзекті мәселелер қозғалды. 10-17 қараша аралығында сынып жетекшілер балалардың құқықтарын қорғау оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға негізделген сынып сағаттары өтті. Балалардың басты құқықтары жайында ақпарат берілді.

Ата-аналар жиналыстарында «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыптарында сөз қозғалды. Ата –аналарға бала тәрбиесіне байланысты кеңес айтылды. Зорлық-зомбылықты болдырмау және бала құқықтарын сақтауға шақырды.

Мектеп психологтары оқушылармен «Мен бақытты баламын» атты тренинг жүргізді. Тренинг барысында оқушылардың көңіл күйін ескере отырып, бақытты балалық шақ өткізудің жолдарын айтып өтті. Психологиялық кеңестер берілді. Жеке сұрақтар мен мәселелер болған жағдайда жеке қабылдауға келуге болатынын айтып өтті.

24-қараша күні Облыстық, аудандық ІБ қызметкерлері, медицина қызметкерлері және мектеп ұжымы мен оқушылардың қатысуымен челлендж ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Аудандық ІБ қызметкерлері және Отбасылық құндылықтар клубының қатысуымен жоғары сынып оқушыларымен кездесу өтті. Кездесу барысында Отбасылық құндылықтар жайында

өте жақсы ақпараттар мен кеңестер айтылды. Викториналық сұрақтар беріліп, оқушылар белсене қатысып, жеңімпазға арнайы сыйлық табысталды.

Желтоқсан айларында Ішкі істер бөлімі қызметкерлері 9-11сынып оқушыларымен зорлық-зомбылықсыз өмір, отбасылық құндылықтар жайлы түсіндірме жұмысын жүргізді. Оқушылар отбасындағы құндылықтар: махаббат достық адамгершілік сыйластық, кешірім мейірім жайлы көптеген мағлұматтар алды оқушылар. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, елін сүйетін патриот тұлғаны қалыптастыру, құнды қасиеттерге ие болу Ельтев Ерлан Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Жасұлан әскери колледжі түлекімен кездесулер өтті «Оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі маңыздылығы» тақырыбындағы жүргізілген жұмыстар. Жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Менің полициям» тақырыбында балалар шығармашылығына арналған республикалық байқауға белсене қатысқан оқушыларымыз марапатталды.

Аудандық төтенше жағдайлар өртке қарсы қызметтің аға лейтенанты Шаймерденов М.А мектеп оқушыларына өрт қауіпсіздігі түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Аудандық полиция бөлімнен ТЖКЖТ инспекторы полиция аға лейтенанты Бекишев М.А құқықбұзушылық және интернет желісінде алаяқтыққа алданбау үшін мектеп оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Әкелер мектебі» жобасы және қауіпсіз білім беру ұйымы іс –шаралар жоспарына сәйкес «Әке тәрбие тамыры» тақырыбында әкелермен кездесулер өтті. Бұл жиынға екі әке қатысты, Муакжанов Алтынбек Куанышевич, Олжабаев Талғат Хизатұлы. Мектеп оқушылармен кездесу барысында құндылықтар сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапгершілігінің артыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдың алу шаралары ұйымдастырудағы рөлі мәселесі **айтылды.**

Патриотизмнің қайнар көзі – ел тарихын терең білуде, оның гүлденуін қамтамасыз ету, оған күш салған аға ұрпақтардың іс – әрекетін ұғыну мен құрметтеу. Ауған соғысы ардагерлері Сармузаев Хияс Молдабаевич, Малеванный Валерий Евгеньевич кездесуге шақырылды. Ауған соғысының ардагерлері бастан кешкен оқиғаларын баяндап берді. Оқушылар ардагерлерімізге сұрақтар қойып белсенділік танытты. Интерактивті тақта, слайдтар, суреттер, видеолар, көрме ұсынылды.

Жас құтқарушылар күніне арналған оқу жаттығу шарасын көрсету үшін оқушыларды алғашқы әскери дайарлық жетекшісі Нугербеков А.Т дайындады. Бүгін "Жасөспірімдер мен кәмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылықты алдын алу" тақырыбында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс модераторы: мектеп директоры Гулжан Бапарқызы.

Жиналысқа Аудан әкімі орынбасары С.Қ.Ахмеджанов; Аудандық білім бөлімі басшысы К.Қ.Ашимов; Аудандық ауруханасы хирург дәрігері Д.Ж.Жамазанов; Аудандық ювеналды полиция полковнигі А.К.Каиргожина; Білім бөлімінің әдіскерлері қатысты. Жиналыс барысында жасөспірімдер мен кәмелет жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу жолдары қарастырылды. Түнгі мезгілде балалардың 22.00 ден кейін компьютерлік клубта отыруға және 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғаны және мотоциклмен көшеде жүру жол ережесін ескеру жайында ескертулер мен түсініктемелер берді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың және терроризм алдын-алу және де жалған ақпараттар таратпау жайында ескертілді. Ең басты мәселе- өз-өзін қорғау және қауіпті жағдайда нақты тексерілген ақпараттар бойынша әрекет жасау керектігін айтып түсіндірілді.

Мектептің өзін-өзі басқаруы

Мектепте Өзін-өзі басқару бар. "Жас Ұлан "бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігі - Қазақстан Республикасының балалар мен жасөспірімдердің Бірыңғай қоғамдық ұйымы жұмыс жасайды. Аталған ұйымдарды мектеп тәлімгері Б.Б.Тилесова және жоғары сынып оқушылары кеңесі басқарады.

Оқушылармен жинақталған ұйымның 2023-2024 оқу жылына жоспар құрылып бекітілген. Жылдық жоспарларының мақсат, міндеттері айқындалған.

Мақсаты: Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелеске қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетінтілін, дінін, әдеп -ғұрып салт-дәстүрін қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан , әдепті қайсар тұлғаны өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру.

Міндеті: Қазақстан Республикасындағы « Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксізбілім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасына » сай жас жеткіншектерді Қазақстандық елжандылыққа тәрбиелеу.

Өзін -өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде сапалы білім саналы.

-жастар бірлестігінің бағыттарына байланысты ұйым белсенділерінің құқын, міндетін , жауапкершілігін арттыру.

Қыркүйек

Қыркүйек "Білім күні"әдемі мерекесімен басталды. Сыныптар бойынша «Мектеп мейірім мекені» атты сынып сағаты өткізілді.

Өзін-өзі басқару ұйымымен бірлесе «Жол тәртібі ережесі» таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Таңертеңгілік жаттығу жасау спорт министрінің басқаруымен жүргізілді.

1-4 сыныптарды спортқа баулу тақырыбында бастауыш сыныптарына көңілді қоңырау үзілісін жүргізді.

Ұшқыр ой дебат клубының жылдық жоспарын құрылды.

Мектеп шаруашылығын қадағалау мақсатында ақпарат министрінің қолдауымен өзін -өзі басқару ұйымының оқушыларымен жиналыс өткізілді.

« Отбасым махаббат пен адалдықтың белгісі » атты сурет көрмесі өткізіліп , мектеп оқушылары өте белсенді атсалысты.

« Денсаулық зор байлық »Спорт министрінің басқаруымен эстафеталық сайыс ұйымдастырылды.

«Мемлекеттік тіл ортақ қазына» тақырыбында бастауыш сыныптарында өзге ұлттардың дәстүрлерімен қатар ұлттық киімдерін таныстыру мақсатында іс -шара өткізілді.

Қазан

« Мейірімге толы жүрек » атты өзін-өзі басқару ұйымының оқушыларымен сурет байқауы өткізілді.

«Әдеп ең қымбат мирас » шығарма жазу жұмыстары жүргізілді.

"Қарттар күніне" орай суреттер байқауы өтті, балалар ата-әжелерін әдемі суреттермен құттықтады. Сондай-ақ, әр сынып бейне құттықтаулар дайындады.

Ұстаздар күніне арнап«Ұстазым, менің, ұстазым» атты мерекелік концерт өткізілді, іс-шараға өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары атсалысты.

Дублер күні 11 сыныптардың басшылығымен мектеп директорынан бастап пән мұғалімдеріне дейін тағайындалуымен бір күн ұстаз қалпында жүргізілді.

25 қазан Республика күніне орай Жас ұлан және Жас қыран ұйымына қабылдау іс-шарасы өткізілді.

Балалардың үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білуге, үйрету мақсатында «Ақпараттық»фракциямүшелері өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау, қауіпсіздік ережелерін сақтау ақпаратын берді.

«Абайлаңыз жұқа мұз!» қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Өз денсаулығын бағалы байлық екендігіне көз жеткізуге жағдай жасау. Мұз үстіндегі қауіпсіздік шараларымен өзін өзі құтқару, мұз астына түсіп кеткенде т.б.мұзда қалу жағдайында әр адам өзін құтқаруға

дайын болу тиіс, құтқару ережелері, аман қалу жолдарын өзін өзі құтқару ұйымдастыра білу қажет.

Қараша

« Табиғат тамшылары » сурет байқауы.

Мақсаты : Оқушылардың сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында, табиғаттың қандай көркем екенін , табиғатқа жанашырлықпен аялау керек екендігін ұғындыру мақсатында жасалды.

Мектепшілік спорт ойындарын ұйымдастыру.

Мақсаты : Оқушылардың спортқа деген көзқарастарын қалыптастыру, 9 сыныптар арасында болейбол ойыннан жарыс турнирі өткізілді.

Бабалар салған ізімен республикалық айтыс ұйымдастыру (төрт тоқсанға төрт шара) жобасы барысында

Мақсаты : Айтыс жайлы түсініктерін кеңейту, Айтыс түрлерін ажырата білуге баулу. Айтыстың ішіндегі «аспаптар айтысына» тоқталып, балаларға аспаптарды ажырата білуге, аспаптарды соның ішінде домбыра аспабын қастерлеуге баулу. Айтысқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Ұлттық лига

1-4 сыныптар арасында өткізілді.

Мақсаты : Ата -аналармен бірлесе отырып бастауыш сыныптарында жарыс ұйымдастырдық. Мұндағы мақсатымыз отбасылық ауыз-біршілікке спортқа деген көзқарастарын арттыру мақсатында жасалды.

« Тоғыз құмалақ » Ұлттық мектеп лигасы жобасы

Мақсаты: Оқушылардың қазақтың ұлттық ойындары туралы алған мағлұматтарын естеріне түсіре отырып, білімдерін бекіту. Тоғызқұмалақ ойыны туралы түсінік беру.

Біз денсаулық үшін» ұранымен мектебіміздің көшбасшылары флешмоб ұйымдастырылды.

Желтоқсан

Мектеп бала құқығын қорғау инспекторымен кездесу өткізу.

Мақсаты : Құқық бұзушылықтың алдын алу барысында балалар арасындағы мәселелердің шешу жолдарын, күш көрсету ге болмайтындығын ,түрлі мәселелердің оң шешімін табуға болатындығын түсіндіру.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі

Мақсаты: Тәуелсіздік туралы ұғындыру, туған жерін елін құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін ояту туған жерінің елінің болашағына үлес қосып бостандық **тәуелсіздік** үшін бостандық еркіндік үшін өздерін құрбан еткен ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін насихаттау, жастар арасында өз ана тілінді құрметтеу тарихи деректердің маңызын аша білуге дағдыландыру Отанын сүйуге тәрбиелеу.

8 желтоқсан күні мектебімізде өзін – өзі басқару ұйымы көңілді үзіліс» ұйымдастырды.

Жаңа жылдық ертеңгілік.

Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұмат беру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір-біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қаңтар

Өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары мектеп оқушыларының тазалығын, мектеп формасын тексерді. Ақпарат және баспасөз министрі министрліктің атқарған жұмысы туралы есеп берді: Олар әр іс-шара бойынша фото есептер жасап, оларды уақытында тапсырды; Мектеп Парламентінің хатшысы өз міндеттерін жақсы орындады; Олар мектеп газеті мен сайтқа фотосуреттер түсірді; Мектеп оқушыларына мерзімінен бұрын ақпарат жеткізілді; Бейне құттықтаулар түсірілді.

Балалардың үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білуге, үйрету мақсатында «Ақпараттық» фракция мүшелері өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау, қауіпсіздік ережелерін сақтау ақпаратын берді.

Ақпан

Біз денсаулық үшін» ұранымен мектебіміздің парламенті флешмоб ұйымдастырылды. Мақсаты салауатты өмір салтын ұстану.

“Досбол LIKE” - республикалық акция жүрді. Мектеп парламенті оқушылармен қарым-қатынастың ең жақсы жолдарын таба білу керектігін айтты. Көптеген ойындар ойнатылды

Наурыз

1-Наурыз «Алғыс айту» күніне орай республикалық ұйымдастырылған «Алтын жүрек» челленджін қабылдай отырып баршаңызға алғысымызды білдіреміз.

Мектеп парламенті Ақкөл ауданның полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып оқушылармен таныстыру мақсатында, білім беру мекемелеріндегі шабуылдар кезіндегі тәртіп ережелерімен таныстырып өтті.

"Ана-гүл, Ана-жыр, Ана-өмір шуағы!" тақырыбында Ардагер ұстаздармен кездесу мерекелік кеші өткізілді.

1-11 сыныптар аралығында «Наурызнама» бойынша онкүндік іс-шаралар өтті. Мектеп парламенті белсене қатысты.

Құқық фракциясы жол ереже қауіпсіздігі туралы жиын өткізді.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу аясында» 6-7 сыныптар аралығында дөңгелек үстел ұйымдастырылды

Сәуір

Сәуір айында жетістікке жетудің жолдары атты дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Жетістікке жету үшін армандау мен оны ойлап ғана қою жетпейді, ол үшін нақты әрекет етуге көшу қажет. Оқушылар өз ойларымен бөлісті.

29.04.2024-мектеп оқушылары "Жас Қыран" мен "Жас Ұлан" ұйымына қабылданды.

Мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

"Жас ұлан" - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, гуманистік, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым.

Мамыр

1-Мамыр Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мерекеге орай құттықтау бейне ролик жасады.

Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау.

14-мамыр “Аналар” күні арнап құттықтау видеороликтерін түсірді.

Аналар күні – әлемнің көптеген елдерінде анаға құрмет көрсетіп, оның мейірімі мен қамқорлығы үшін алғыс айту мақсатында атап өтілетін маңызды мереке.

туралы» Нұсқаулық-әдістемелік хаты пайдаланылады.

Оқу жылының соңында үйде білім алған оқушылар, келесі сыныпқа ауыстырылады.
Барлық КТЖ, кестелер «Kundelik.kz» электронды журналында толтырылған.

Оқушыларға «Буллинг және Кибербуллинг» жайлы ақпарат берілді. Мақсаты: Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу.

Буллинг және Кибербуллингке байланысты түсіндірме жұмыстапры жүргізілді, оқушыларға бейнежазбалар көрсетілді, өздерінің пікірлерін білдіріп, кере байланыс жасалды.

«Мамандық таңдау – маңызды іс» бағдарламасы бойынша 9-сынып оқушыларымен Е.А. Климовтың (ДДС) тест жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың пәнге және мамандыққа деген бейімділіктерін анықтау.

Нәтижесінде Оқушылардың 20%- шығармашылық, 60%- техникалық, 20%- физика-математика бағыттарын таңдады.

2-4 сыныптар арасында «Танымдық үрдісті дамыту» ойындары жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту

2-3 сыныптар аралағыныда «Дарындылық картасы» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: Дарынды баланың бейнесін, қабілетін анықтау

Шығармашылық бағыт бойынша – 23 оқушы
28% Математика-техникалық бағыт бойынша – 18
оқушы 22 % Спорт бағыты бойынша – 20 оқушы 25
%

Әлеуметтік бағыт бойынша – 19 оқушы 23%

«Баламның таңдауы, болашақты таңдау» ата-аналар жиналысы.

Мақсаты: Түлектердің ата-аналарына баласының болашақта
дұрыс таңдау жасауларына
қолдау көрсету.

Жиналыста ата-аналармен түрлі психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, «Өрмекші торы», «Мен баламның көзімен», «Баламның жақсы қасиеттері» тренингтері және «Баламды қаншалықты танымын?» сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесінде, ата-аналар сауалнамаға сәтті жауап беріп, тренингтерге белсене қатысты.

Даярлық топ оқушыларымен әр түрлі дамытушы ойындар және жеке жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың ұсақ қол маторикасын, таным процестерін, зейін тұрақтылықтарын дамыту.

Бала білуге талпынады, білімді меңгеру үстінде оны «не үшін?», «қалай?», «неге?»,

«неліктен?» деген сан сұрақтар мазалайды. Баланың мектепке психологиялық дайындығымен қоса, дәстүрлі түрде тән болған кейбір арнаулы білімдер мен дағдыларды сауат ашу, математика, қарапайым ұғымдары, бейнелеу өнері т.б. меңгеру айрықша орын алады. Мектепке дайындықтың нәтижелі болуы баланың айналадағы болмыста кездесетіндердің елеулілерін

бөліп алып, оларды салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көре білуін, пікір айтуды үйреніп, оларға қорытынды жасай білуі тиіс. Осы мәселелерді анықтау мақсатында арнайы мектеп алды даярлық тобына ойлауын, қабылдауын, зейінін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

Мектеп алды даярлық тобы оқушылары арасында қиялын дамыта отырып, танымдық қызығушылығын дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. Психологиялық зерттеу жұмысына 2 мектеп алды даярлық тобы қатысты. Қатысқан оқушылар саны-29

Зерттеу жұмыстары 4 тапсырмадан тұрады:

1. Дәл осылай етіп, жалғастырып сал.
2. Сәйкес санды жаз
3. Артық суретті тап, неге артық деп ойлайсың?
4. Дауысты дыбысты тап.

Нәтижесінде балалардың зейіні тұрақты, соның ішінде: қалам ұстау ебі, ұсақ қол моторикалары жақсы қалыптасқан. Сондай ақ, өз есімдерін жазып, санауына ғана көңіл бөліп қоймай, заттарды салыстырып, сурет бойынша да әңгімені сипаттап айта алады. Оқушылар өте белсенді қатысып, берілген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындады.

Жоспар бойынша психология апталығы өтті.

Апталықтың мақсаты: Оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ету.

Мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға психологиялық өмірлік қиындықтары мен мәселелер бойынша кеңес берілді. «Қиын жасөспірімдермен қалай жұмыс жасау керек», «Балаларға қалай көмектесуге болады», «Мектепке бейімделу мәселелері», «Жауапкершілік сезімін қалай дамыту керек»

Сараптау жұмыстары

Оқушылардың көңіл-күйлерін анықтау мақсатында, пәнаралық сабақтарға қатысып отырдық. Бақылаулар бойынша оқушылардың көңіл-күйлері тұрақты, эмоционалдық жағдайлары қалыпты екені байқалды. Сабақты қабылдау деңгейлері жоғары. Оқушылар зерек, белсенді, шапшаң, сонымен қатар оқушылар арасында тәртіп бұзушылық болған жоқ.

Қаңтар айында 9-сынып оқушыларынан кәсіби бағыттылықты анықтау мақсатында Климовтың ДДС қызығушылықтар бағыты әдістемесі бойынша кәсіптердің жіктелуін диагностикалау. «Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізілді. Мектеп ұжымымен және ата-аналармен

«Жасөспірім кезіндегі психологиялық ерекшеліктер» жадынамалар мен ұсынымдар ұйымдастырылды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша 10-11 сынып оқушыларына «Өмір баға жетпес сый» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

Ақпан айында «Балалық шақтағы салауатты өмір салты-өмір бойы денсаулық кепілі» тақырыбында ата-аналарға бейнеролик көрсетілді.

«Мамандық таңдау- жауапты іс» тақырыбында 8-сынып оқушыларына әңгімелесу, сонымен қатар

«нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің алдын алу» аясында 8-10 сынып оқушыларына әңгімелесу жұмысы жүргізілді. «Денсаулық және қауіпсіздік» (жыныстық қолсұқпаушылық) 10-11 сыныптар сынып оқушыларына әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айында 9-сынып оқушыларына «Мамандық таңдаудағы 10 қате» тақырыбында дөңгелек үстел, «Шығу жолы әрқашан бар» тақырыбы бойынша әңгімелесулер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Баламның таңдауы, болашақты таңдау» тақырыбында 9-11 сынып ата-аналарына таныстырылым жұмыстары жүргізілді. «Емтиханға дайындық кезінде ата-аналардың рөлі және олардың практикалық көмегі» тақырыбы аясында 9-сынып ата-аналар жиналысында әңгімелесулер, ұсынымдар, жадынамалар, бейнеролик көрсетілді.

«Мен таңдаған мамандық» 10-11 сыныптардан диагностика алынды. «Табысқа апарар жол» тақырыбында 11-сынып оқушыларына тренинг ұйымдастырылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологтары және медбикенің ұйымдастыруымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбы негізінде жыныстық қолсұғушылыққа қарсы 7-11 сыныптың қыздарына қауіпсіздікті нығайту мақсатында қыздар жиналысы жүргізілді. Жиналыс барысында түрлі

мәселелер қарастырылды. Атап айтқанда, қыздардың жеке бас тазалығы, қыз

балалардың өзін-өзі тәрбиелеуіне бағыт-бағдар беру, психоэмоциялық жағдайын жақсарту, психологиялық қолдау көрсету; қыздарды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу, өмірге деген көзқарастарын мағыналы ете білуге бағыттау және т.б. «Бүгінгі бойжеткен, ертеңгі асыл жар» тақырыбында баяндама оқылды.

Оқушылармен өмірге бейімдеу, рухани құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында, өмірге оң көзқараспен қарай білуге үйрету мақсатында, «Өзінді-өзің танысаң істің басы», «Өмір сүре білу әр адам үшін сынақ» атты психологиялық сабақ жүргізілді. Оқушы бойындағы қорқыныш, үрейді түсіру мақсатында, «Қорқыныштың суретін сал және оны күлкіліге айналдыр», «Қар қиыршығы», «Алфавит» атты тренинг-жаттығулар жүргізілді. Оқушыларды психологиялық қолдау мақсатында «Өзінді-өзің бейімдеудің алты мүмкіндігі», «Өзінді-өзің қорғаудың 8 тәсілі» атты жадынамалар таратылды.

Сәуір айында «Ағаш» әдістемесі бойынша бастауыш 2-4 сынып оқушыларының мазасыздығын диагностикалау алынды. Орта буынға ауысу кезінде бастауыш 4-ші сынып оқушыларының интеллектуалды даму деңгейінің диагностикасы алынды.

«ЕББҚ бар баланы тәрбиелеудегі отбасы және оның рөлі» тақырыбында

ата- аналарға таныстырылым жұмыстары жүргізілді. «Қиын өмірлік жағдайдағы балалар» тақырыбы бойынша мұғалімдерге түсіндірме, әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. «Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу», «Қарым-қатынас және адамгершілік» тақырыбы бойынша оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге таныстырылым жұмыстарын жалғастыру жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында жалпылама түрде жыл бойы атқарылған жұмыстарға қорытындылау жұмыстары жүргізілді. «Тәуекел топты» анықтау мақсатында 5-7 сыныптар аралығында психологиялық тесттер алынды. Бітіруші түлектерге психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жасалды.

5-тарау. Оқу материалдық активтер

Штаттық кесте және тарификация 2023-2024 (aqmoedu.kz)

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы турнир қойылған. Бейне бақылау мектеп дәліздері, асхана, акт залы, спорт залы бойынша 10 дана мектеп ауласында барлығы 22 дана камерамен бақыланып отырады. Қауіпсіздік шаралары аясында 3 күзетші, 1 вахтер қызмет атқарады. Мектептің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі-сыртқы санитарлық жағдайы мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және тех.қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.

Мектеп аумағында баскетбол қалқандары, волейбол тіректері бар және футбол алаңы орналасқан. Спортзал саны:1 (ұлдарға және қыздарға арналған киім ауыстыру бөлмесі, спорттық инвентарларға арналған бөлме).

Мектептің ішкі дәретхана саны: 8 бөлме. Әйелдер 5 бөлме –15 унитаз кабинаға бөлінген,5 қол жуатын раковина, қолға арналған кептіргіш -5, ерлер бөлмесінде –12 унитаз кабинаға бөлінген оның біреуі ерекше балаларға арналған, 3 қол жуатын раковина, қолға арналған кептіргіш -3), аристон 3

Қатты отын түрінде жылитын қазандықтың отын шығыны - 945 тонна

Сумен жабдықтау: орталықтандырылған

Канализация: орталықтандырылған

Оқушылар қамтамасыздандырылған: футбол алаңы, волейбол алаңы, баскетбол алаңы, АӘД алаңы

Оқу үрдісінде қолданылатын компьютердің саны:80

Оның ішінде Интернетке қосылғаны: 80

Нетбук:105

Ноутбук – 15

Моноблок – 18

Планшет – 13

Роутер - 16

Интерактивтік жабдық: 15

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер

[9-қосымша \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Накладнойлар жабдықтар мен жиһаздарға, оның ішінде бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі (білім беру ұйымы бекіткен және білім басқармасы органымен келісілген түгендеу тізімдемесі).

[Накладной счет фактуралар \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе ғимараттарға сенімгерлік басқару құқығын немесе ғимаратқа жалдау шартын растайтын құжат

Жылжымайтын мүліктің жоқтығы туралы анықтама

[Жылжымайтын мүлікке тіркелген құжаттар \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы Акт / хат.

[Өрт қауіпсіздігі \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Дабыл тетігінің келісім шарты

[Дабыл тетігі \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету шарты.

[Бейнебақылау \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Медициналық қызмет көрсететін кабинеттің келісім шарты

[Медициналық қызмет лицензиясы \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Турникет келісім шарты

[Турникет \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Барлық оқу кабинеттер саны – 35, зертханалық кабинеттер-3. ТОО «Базис»

1. Физика кабинеті 2023 жылғы. Интерактивтік панель, бор тақтасы, компьютер (монитор, системный блок, пернетақта, тышқан) оқушылар партасы – 13, оқушылар орындығы – 26, шкаф – 3, демонстрациялық үстел – 1, мұғалімнің роликті орындығы, шкафы бар бүйірлік мұғалімнің үстелі, баспалдақ гүл тұғыры, қауіпсіздік ережелері, көрнекілік таблицаларымен жабдықталған.

2. Жаңа модификациядағы Химия кабинеті (71,4 м²), 2023 жылы алынды. Интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютер, 13 екі орынды зертханалық үстелі, 26 орындықтарымен, демонстрациялық үстел – 1, мұғалімнің роликті орындығы, шкафы бар бүйірлік мұғалімнің үстелі, бор тақтасы, дисплей түтін сорғыш, 3 дана шкаф.

3. Жаңа модификациядағы Биология кабинеті (77,1 м²), 2023 жылы алынды. Интерактивті тақта, 1 комплект дербес компьютері, демонстрациялық үстел – 1 дана, 13 екі орынды зертханалық үстелі 26 орындықтарымен, мұғалімнің роликті орындығы, шкафы бар бүйірлік мұғалімнің үстелі, 1 дана бор тақтасы, 3 дана шкаф және ақпараттық стендтермен жабдықталған..

4. Математика кабинеті (71,4 м²) 2022 жылы алынды: 15 парта, 30 орындық, мұғалім үстелі мен орындығы, жазу тақтасымен, Touch панель – 1, компьютер (монитор, системный блок, пернетақта, тышқан), принтер 1 дана, кітап сөресі – 3, көрнекілік стендтермен, таблицалармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

5. Информатика кабинеті – 71,4 м² 2023 жылы алынған, ноутбук 15+1, интерактивті тақта, сетевой фильтр 17 дана, наушники 16 дана, жазу тақтасы 1 дана, мұғалім үстелі 1 дана, оқушыларға арналған модкльдік үстел 15 дана, 15 орындық, шкаф 1 дана,

6. Жаңа модификациядағы еңбекке баулу кабинеті 1-қабатта орналасқан ауданы 73,2 м², 2022 жылы алынған. Компьютер (монитор, системный блок, пернетақта, тышқан) 1 дана, наушник 1 дана, МФУпринтер – 1 дана, аккумулятор, кресло, чемодан комплект 8 дана, фрезерлік станок, қайрақ, әмбебап дөнгелек (циркулярка) 1 дана, токарлық станок, бұрғы, ағаш машинасы, шкаф 3 дана, парта 8 дана, орындық 16 дана, мұғалім үстелі, әмбебап тақтасы, Touch панель, ағашқа арналған қол арасы 10 дана, темірге арналған қол арасы 10 дана, ағашқа арналған ұста партасы 4 дана, темірге арналған ұста партасы 4 дана.

7. Тарих кабинеті – 51,6 м², 2021 жылы алынған. Интерактивті панель, компьютер 1 дана, пернетақта, тышқан, аккумулятор 1 дана, монитор, сетевой фильтр 1 дана, көп функциялы принтер, жазу тақтасы 1 дана, мұғалім үстелі 1 дана, кресло, орындық 30, оқушыларға арналған үстел 15 дана, көп функциялы шкаф 3 дана, интерактивті оқыту бағдарламалық құрал 1 дана, карта жинағы 4 дана, карта 19 дана, портреттер 8 дана, плакаттар 9 дана.

8. География кабинеті - 54,0 м², 2021 жылы алынған. Интерактивті панель, компьютер 1 дана, пернетақта, тышқан, монитор, сетевой фильтр 1 дана, аккумулятор 1 дана, наушники 1 дана, көп функциялы принтер, жазу тақтасы 1 дана, мұғалім үстелі 1 дана, кресло, орындық 30, оқушыларға арналған үстел 15 дана, көп функциялы шкаф 3 дана, модельдер, табиғи коллекциялар, аспаптар мен құралдар, карталар.

9. Бастауыш сынып 29,6 м², 2023 жылы алынған. Интерактивті панель, мобильная стойка, моноблок 1 дана, сетевой фильтр 1 дана, наушники 1 дана, көп функциялы принтер, модельдер, құралдар, плакаттар, көп функциялы шкаф 1 дана, құралдарға арналған шкаф 1 дана.

10. Психология кабинеті - 28,5 м², 2022 жылы алынған. Интерактивті панель, моноблок 1 дана, наушники 1 дана, ковер, диван, шкаф 2 дана, көп функциялы принтер, мұғалім үстелі 1 дана, кресло 2 дана, орындық (кресло) 1, ойыншықтар, моторикаға арналған заттар. Моноблок 2023 жылы алынған, түсті принтер.

11. Робототехника кабинеті 73,8 м², 2023 жылы алынған. Интерактивті панель, мобильдік стойка, ноутбук 16 дана, программа Microsoft Office 2019-16 дана, антивирус 16 дана, сетевой фильтр 17, наушники 17 дана, МФУ принтер, интерактивті оқыту бағдарламалық құрал, маркер тақтасы 1 дана, үстел 15 дана, орындық 16, мұғалім үстелі, шкаф 1 дана.

12. Инклюзия кабинеті 53,7 м², 2023 жылы алынған. Интерактивті панель, кабель 3 дана, ноутбук 1 дана, программа Microsoft Office 2019-1 дана, антивирус 1 дана, сетевой фильтр 1 дана, наушники 1 дана, МФУ принтер 1 дана, интерактивті оқыту бағдарламалық құралы, датчик, модульдер, тактильді панель, тактильді жол, акустикалық тактильді панель, тактильді жасушалар, әзірлеу панелі, құрғақ бассейн, балаларға арналған массаж төсеніші, құрғақ бассейнге арналған шарлары, құмды жарық үстелі, ойын жинағы, дидактикалық лабиринттер, түсті табличкалар, геометриялық комод, серіппелері бар цилиндрлер, сандық жолақтар, маркалары бар ойын, Сеген тақталар, балықтың құрылысы, ағаштың құрылысы, жинақтар, ойындар, дыбыстық ойындар, маркер тақтасы 1 дана, үстел 5 дана, орындық 10, мұғалім үстелі, мұғалімге арналған кресло, пуф 3 дана, шкаф 1 дана, диван, ковер, ролл шторы

Физика кабинетінің лабораториясы (10,8 м²) екінші қабатта орналасқан.

.Химия кабинетінің лабораториясы (18,9 м²) үшінші қабатта орналасқан.

13. Дене шынықтыру залы (300 м²), шешінетін орын, оқытушылар бөлмесі, спорт инвентарь қоятын бөлме бар. Жарықтандырылған, волейбол, баскетбол сеткалары, 45 дана комплект шаңғы, 30 дана коньки, 10 дана волейбол добы, 10 дана футбол, 17 дана баскетбол доптары, тоғызқұмалақ – 10 дана, шашки – 15, шахмат – 20 дана, теннис үстелі – 3, 20 дана ракетка, теннис шары – 15, гимнастикалық скамейка – 6 дана, скакалка – 15 дана, төсеніш (мата) – 8, кіші ағаш ат – 5, спорттық брус – 1 дана, гир 16 кг – 10 дана, 3 кубокпен, 2 дана канат арқаны, гимнастикалық шығыршық – 10 дана, 5 гантель 7 кг., тренажер 1 дана мектепте, мектеп аумағында 7 дана.

14. Акт залы (мәжіліс залы) ауданы – 176,3 м², екінші қабатта орналасқан. Интерактивті тақта. Орындық саны - 160, 1 сахна, музыкалық аппаратура, 1 трибуна (мінбе), келушілерге арналған үстел 2 дана, 1 жұмыс үстелі бар, 3 шкаф. Ақпараттық және көрнекілік стендтермен жабдықталған

15. Жаңа модификациядағы қыз балалар шеберханасы 1- қабатта орналасқан ауданы 73,2 м², ТОО «Базис» берген мата кесетін үстел 1, мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің

шкафы бар бүйірлік үстелі , асханалық үстел 4 ,тігін машинасына арналған үстел 12 дана , 12 тігін машинасы + 1 компьютерлік машина, әмбебап трансформаторлық шкаф, шкаф 4 дана, тұғыры бар ер тігінші манекен, тұғыры бар әйел тігінші манекен, жалпы тігінге арналған жабдықтар, ас үй комбайны 2, перделері бар төртбұрышты киіну бөлмесі, айна 1, пештің үстіндегі сорғыш , жалпы ас үй жабдықтары , үстел 6, 12 орындық,

16. Бастауыш сыныптар кабинеттері барлығы -7 кабинет. Кабинеттер 3 қабатта орналасқан, әр кабинеттің ауданы 51,0 м² , әр кабинетте парта-15, орындық-30+1, мұғалім үстелі-1, тақта-1, интерактивті тақта-1, компьютер комплект-1, көрнекіліктер, плакаттар, оқушылардың киімдеріне арналған шкафтары, оқу құралдарына арналған сөрелер, су деспенсерлері, қол жуатын раковиналар, рецеркуляторлар, стендтермен жабдықталған.

17. Физика кабинеті 2 қабатта орналасқан, ауданы-67,1 м² , парта-13, орындық-26, тақта-1, проектор-1, экран-1, компьютер-1, плакаттар, көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкафтар, рецеркулятор, зертханалық жұмыстарға арналған құралдармен толық жабдықталған.

18. Тарих кабинеті барлығы-2 кабинет. Кабинеттер 2 қабатта орналасқан әр кабинеттің ауданы— 53,4 м², компьютер-1, интерактивті тақта-1, мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің шкафы бар бүйірлік үстелі, әр кабинетте- парта-13, орындық-26, плакат шкафы 1, шкаф 3, плакаттар, көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкафтар, рецеркулятор.

19. Ағылшын тілі кабинеті барлығы-3 кабинет. Кабинеттер 2 қабатта орналасқан, әр кабинеттің ауданы-51,0 м², әр кабинетте парта-15, орындық-26, интерактивті тақта, тақта-1, 1 комплект дербес компьютер , мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің шкафы бар бүйірлік үстелі , көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкафтар, рецеркулятор.

22. Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті барлығы-3 кабинет. Кабинеттер - 2 қабатта орналасқан, ауданы-54,9 м², әр кабинетте парта-13, орындық-26, мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің шкафы бар бүйірлік үстелі, бор тақта-1, интерактивті тақта-1, компьютер-1, плакаттар, плакаттарға арналған шкаф 1, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкафтар, рецеркулятор, көрнекі құралдармен жабдықталған

20. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті барлығы-4 кабинет. Кабинеттер 2 және 3 қабатта орналасқан, аудан-51,6 м², әр кабинетте парта-13, орындық-26, компьютер комплект-1, интерактивті тақта, бор тақта 1, мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің шкафы бар бүйірлік үстелі, шкаф 3, плакаттар, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкафтар, рецеркулятор, көрнекі құралдармен жабдықталған

21. Математика кабинеті барлығы 2 кабинет. Кабинеттер 2 қабатта орналасқан, ауданы- 71,4 м² , компьютер комплект 1, интерактивті тақта-1, тақта 1, парта 13, орындық 26, мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің шкафы бар бүйірлік үстелі, плакаттарға арналған шкаф, плакаттар, көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкаф 3, рецеркулятор, көрнекі құралдармен жабдықталған.

22. Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті – 1 қабатта орналасқан , ауданы- 52,8 м², компьютер комплект-1, интерактивті тақта-1, парта 15, орындық 30, мұғалім үстелі-1, шкаф-2, интерактивті тақта-1, плакаттар, көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, шкафтар, рецеркулятор, көрнекі құралдармен жабдықталған.

23. Химия кабинеті-3 қабатта орналасқан, ауданы – 71,4 м², компьютер комплект-1, проектор-1, интерактивті тақта-1, тақта-1, парта-13, орындық-26, жұмыс столы-3, шкаф-3, плакаттар, көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, стендтер, рецеркулятор, зертханалық жұмыстарға арналған құралдармен толық жабдықталған.

24. Биология кабинеті комплект 1 қабатта орналасқан, ауданы- 77,1 м² , компьютер комплект-1, проектор-1, интерактивті тақта-1, тақта-1, парта-15, орындық-30, жұмыс үстелі-2, шкаф-4, плакаттар, көрнекіліктер, оқу құралдарына арналған сөрелер, стендтер, рецеркулятор, зертханалық жұмыстарға арналған құралдармен толық жабдықталған.

25.НВП кабинеті 3қабатта орналасқан, ауданы-67,6м2,компьютер комплект-1, , мұғалімнің роликті орындығы, мұғалімнің шкафы бар бүйірлік үстелі ,тақта-1, тәртіптің орыны,парта-13, орындық-26, жұмыс үстелі-1, шкаф-3,плакаттар, көрнекіліктер, құрал-жабдықтарға арналған сөрелер, стендтер, рецеркулятор, противогаздар, аптечка, қорғау костюмдері, «Калашников» автоматы, пехота үшін кішкента» күректер, репираторлар, оқу гранаталары, өрт сөндіргіш, пневматикалық винтовка,санитарлық тасмалдаушылар.

6-тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор тарау.

Кітапхана құрылған жылы: 1988

Почталық мекенжай: Ақмола облысы Ақкөл ауданы Ақкөл қаласы:индексі:020100

Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы

<http://sc0003.akkol.aqmoedu.kz/content/fond-shkolynoy-biblioteki>

2023-2024 оқу жылының мектеп кітапханасының жұмысын талдау.

Кітапхана 2023/2024 оқу жылы ішінде мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына, кітапхана жұмысының жоспарына сәйкес жұмысты жүзеге асырды:

- мектеп алдына қойылған міндеттерді шешуге жәрдемдесті;
- мектеп кітапханасын білім беру мекемесінің ақпараттық-білім беру орталығы ретінде қалыптастыруға ықпал етті;

Мектеп кітапханасының менгерушісі Кульмагамбетова Айгуль Шайкеновна білімі орта арнайы кітапхана. Жұмыс өтілі 26 жыл. Кітапханашының жұмысы мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жүзеге асырылады.

Кітапхана жалпы ауданы 72м.кв.

Жабдық – стелаждар 10, парта – 5, орындық – 10, кітапхана үстолі 1, шкаф – 2, компьютер – 1, планшет – 5, принтер – 1.

Мектеп кітапханасы 2023/2024 оқу жылында келесі міндеттермен жұмыс істеді:

- Оқушылардың өз Отанына деген құндылық көзқарасына негізделген және азамат пен патриоттың әлеуметтік рөлін орындауға дайындығын қалыптастыруға бағытталған белсенді азаматтық және жеке ұстанымын қалыптастыру;
- Кітапханашының кәсіби қызметіне ақпараттық технологияларды енгізу.

Мектеп кітапханасы оқу жылында мектеп бағдарламаларына көмектесу әдебиеті мен методикасына назар аударды. Сондай-ақ, ол балалардың оқу әдетін, бүкіл оқу кезеңінде кітапхананы пайдалану қажеттілігін дамытып, қолдады.

Мектеп кітапханасы-біздің оқушылар үшін алғашқы ақпараттық орталық. Дәл осы жерде өз бетінше іздеу, алынған ақпаратты сыни бағалау, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты салыстыру дағдылары алынады. Оқу жылы ішінде жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, бұл негізінен мерзімін, уақытын ауыстыруға немесе бұрын жоспарланбаған іс-шараларды өткізуге байланысты болды.

2023/2024 оқу жылындағы кітапхана жұмысының негізгі көрсеткіштері:

Кітапхананың жалпы қоры – 53183 дана.

Оқулықтар – 43841 мемлекеттік тілде – 43841дана

Негізгі қор - 9342 дана мемлекеттік тілде – 3503 дана

Оқу жылы	Кітап қоры	Оқырман саны	Келушілер саны	Берілген кітаптар саны
2021 – 2022	58459	680	7042	13714
2022 – 2023	53183	725	7580	14935
2023 - 2024	53183	725	7580	14935

Оқушылардың оқу материалымен қамтамасыз етілуі

Сыныптар бойынша сәйкестік:

1 сыныптар – 56

2 сыныптар – 72

3 сыныптар – 65

4 сыныптар – 82

5 сыныптар – 69

6 сыныптар – 78

7 сыныптар – 63

8 сыныптар – 67

9 сыныптар – 73

10 г/б сынып – 6

10м/б сынып - 32

11м/б сыныптар – 43

Кітапхана қорымен жұмыс:

Кітапхана қорымен жұмыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Қормен жұмыс істеу кезінде есепке алуды қамтамасыз ету үшін кітапханада мынадай құжаттама жүргізіледі:

- Қордың жиынтық есебі кітабы;
- оқулықтардың құрылымы;
- түгендеу кітабы;
- "есептен шығару актілері" папкасы;
- сыныптар бойынша оқулықтар беруді есепке алу журналы.

Мұғалімдерді кітаптардың жаңа түсімдерімен таныстыру үшін жаңа әдебиеттердің ақпараттық тізімдері рәсімделеді. Кітаптардың түсуіне қарай кітапханада "жаңа оқулықтар" сөресі рәсімделеді. 1 қыркүйекке дейін мектептің барлық оқушылары оқулықтармен қамтамасыз етілді. Оқулықтар электронды тасымалдағыштарда бар. Кітапхананың мерзімді басылымдары өткен жылдың деңгейінде қалып отыр, дегенмен бұл оқушылар мен мұғалімдер арасында үлкен сұранысқа ие газеттер мен журналдар. Жас оқушылар арасында "Балдырған" және "Балапан әлемі" журналдары, "Дружные ребята" газеттері ерекше танымал. Кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету үшін оқырмандардың формулярлары үнемі тексеріліп тұрады. Жеке жұмыс жүргізілетін борышкерлердің тізімдері жасалады. Нәтижесінде әдебиеттің едәуір бөлігі кітапханаға қайтарылды. Жыл бойы оқулықтарды сақтау бойынша рейдтер үнемі жүргізіліп отырды. Оқу жылының соңында оқулықтар құрастырылған кесте бойынша кітапханаға тапсырылады, жоғалған оқулықтар жоқ.

Оқулықтардың сақталуының алдын алу мақсатында кітапханашы абонементте оқушылармен, ал сынып жетекшілерімен мектептің педагогикалық кеңестерінде әңгімелесулер өткізеді.

Оқырмандармен жұмыс. Жаппай жұмыс:

Кітапхана жұмысында балаларды кітапқа тартудың, оқуға деген қызығушылықты арттырудың әртүрлі формалары мен әдістері қолданылды.

Жыл басында "біздің балалар не оқиды" атты зерттеу жүргізілді. Ата - аналардың, мұғалімдердің, кітапханашының бақылаулары қазіргі балалардың 5-10 жыл бұрынғы құрдастарына қарағанда аз оқи бастағанын көрсетеді. Оқуға деген қызығушылықтың төмен себебі-теледидарға, компьютерлік ойындарға, интернетке деген құштарлық. Балалар негізінен бағдарлама бойынша әдебиеттерді, шытырман оқиғалы әдебиеттерді оқиды.

Бұл жұмыстағы маңызды формалардың бірі-бұқаралық іс-шаралар, өйткені сабақтан тыс іс-шараларда балалармен тікелей қарым-қатынас жүреді. Бұл шолулар, әдеби ойындар, викториналар, мерекелер, конкурстар және т.б. әдебиеттерге шолу жасалды. Кітапхана өткізген барлық іс-шаралар патриоттық, адамгершілік, эстетикалық тәрбиеге ықпал ететін және кітап пен оқудың тартымды бейнесін қалыптастыратын оқушыларға әдеби, тарихи білім беруге бағытталған. Кітапхана қызметінің маңызды бағыты қорды көрмелер арқылы ашу болып табылады. Кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ түрлі айлықтарға арналған түрлі көрмелер рәсімделеді. Сондай-ақ, "Тоқтар Әубәкіровтің алғашқы ұшуына 30 жыл", "Ы Алтынсариннің туғанына 180 жыл" сондай ақ тұрақты жұмыс істейтін кітап көрмелері бар. ", "Республика күні", "Қуанышпен оқимыз". "Соғыс жолдары – Жеңіс жолдары" және т. б. Орыс және шетел жазушылар Ф.М. Достоевский, Н.А. Некрасов, Н. М. Карамзин, В.П. Катаевтың мерейтойларына.Г. Распутин, К.и. Чуковский,

В. М. Гюго және басқа жазушылар тақырыптық сөрелер мен кітап көрмелерін үнемі безендіріп отырды.

Күнтізбелік күндерге арналған көрмелер циклдері ең маңызды және сәтті болды: "Білім нұры", "Ұлттық валюта күні", "Рахмет, мұғалім", "Кітап әлемі қандай әдемі", "Отан туралы, батылдық туралы, даңқ туралы".

"Соғыс жолдары-Жеңіс жолдары!".

"Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша іс-шара тек кітапхана қабырғасында және мектеп сыныптарында ғана емес, оқушылардың ата – аналарымен де өткізіледі ойындар, конкурстар, викториналар: "кітапхана, кітап, мен, бірге тату отбасымын" 3-4 сыныптар, "Кітапхана – біздің кітап үйіміз" 1-2 сыныптар, "Бірге оқу қызықты" 4-5 сыныптар, "Біз бүкіл Отбасымызбен оқимыз " 8-9 сыныптар, 4 сыныптар; сурет байқаулары: " Күз аспанды торлады"5-6 сыныптар," Сүйікті кітаптың сүйікті кейіпкері "4-6 сыныптар," Сүйікті ертегі кейіпкерлері " 2-4 сыныптар;

Сондай-ақ, сыныптарда аптасына бір рет "20 минут дауыстап оқу"өткізіледі.

Ұлы Жеңіс күніне орай оқушылардың барлық санаттарына арналған "Соғыс туралы кітаптарды оқыңыз" кітапхана сағаты, сондай-ақ "Есте сақтау қорқынышты, ұмытпау керек"еске алу және қайғы сағаты өткізілді. "Ешқашан ұмытпайық", "Блокада" және Жамбыл Жабаевтың кітабынан үзінділер оқылды.

Топтық және жаппай қызмет көрсетудің негізгі формалары:

- кітап көрмелері, жаңа әдебиеттерді ашық қарау, кітап шолулары және т.б. кітап көрмелерінің тақырыбы әр түрлі болды, олардың көмегімен кітапхана қоры кеңінен ашылды. Ағымдағы оқу жылында кітапханаға келушілер танысқан 9-дан астам көрмелер мен тақырыптық сөрелер рәсімделді. Көрме формалары әр түрлі болды: шақыру көрмесі, мерейтойлық күндерге арналған көрмелер, жаңа көрме, викторина көрмесі. Кітап көрмелері

мектептің жұмыс жоспарына сәйкес рәсімделді. Сондай-ақ, мектепте "Букроссинг" кітап бұрышы безендірілген, онда оқушылар мен мұғалімдер өздеріне ұнайтын кітапты алады, содан кейін басқаларға ұсынады, әңгімелейді және кітап алмасады.

Оқырман формулярларын талдау қорытындысы бойынша 2023/2024 оқу жылында ең белсенді оқырмандар анықталды. Бұл негізінен 2-4 сынып оқушылары, сонымен қатар 7 сынып оқушылары.

Оқушыларды кітапханаға тарту мақсатында мектеп кітапханасына, аудандық кітапханаға экскурсиялар өткізілді, аудандық кітапханасымен мектеп кітапханасы тығыз жұмыс істейді. Бірінші сынып оқушылары арасында кітапхананы пайдалану ережелері туралы экскурсиялар мен әңгімелер өткізілді.

Оқушылардың оқу формулярларын талдау негізінде кітапхана сынып жетекшілерімен бірлесіп, кітапханаға сирек баратын оқушыларды оқуға тарту бойынша сыныптарда жұмыс жүргізді.

Анықтамалық-библиографиялық, ақпараттық жұмыс:

Мектеп кітапханасы компьютерлермен жабдықталған, бұл кітапхана қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар дәстүрлі емес ақпарат құралдарында жиналған ақпаратты пайдалануға мүмкіндік алды. Компьютерлік технологиялар оқулықтар қорына тапсырыс беру және есеп беру үшін пайдаланылды; кітапхана қызметін талдау. Әр түрлі пәндер бойынша нұсқаулық-әдістемелік хаттар, сондай-ақ емтихандарға дайындалу және кәсіптік бағдар беру материалдарының таңдау жасалды. Кітапханада шағын мектеп кітапханасы бар. Мұғалімдер мен оқушылар кітапхананы әлі де белсенді пайдаланбайды, сондықтан электрондық GR насихаттау бойынша кітапхана жұмысы жүргізілуде.

Кәсіби деңгейін арттыру:

Аудан кітапханашыларының ӘБ отырысына қатысу, арнайы әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, семинарларға қатысу, әріптестердің жұмыс тәжірибесімен танысу.

Қорытынды:

2023/2024 оқу жылында кітапханада оқырманмен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістері қолданылды-бұл әдеби викториналар, батылдық сабақтары, пікірталастар, әңгімелер, оқулар және т. б.

Жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне бұқаралық іс-шараларды, сынып сағаттарын, пәндік апталарды өткізуге көмек көрсетілді. Әдебиеттер таңдалды, кітап көрмелері жасалды. Мектеп кітапханасы оқушыларға үнемі өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін сіңірді, жауапкершілікті тәрбиеледі, мектеп бағдарламаларына көмектесу үшін әдебиеттерді насихаттауға назар аударды.

Кітапханада 2020/2023 оқу жылында жұмыс істеу қажеттілігін анықтады.

Негізгі проблемалар анықталды: қазіргі заманғы балалар әдебиеті, танымдық әдебиет, салауатты өмір салты, Мамандық таңдау, бастауыш және орта мектеп жасына арналған спорт және қазақ тіліндегі көркем әдебиет жеткіліксіз. Кітапхана қоры анықтамалық, әдістемелік әдебиеттермен, электронды оқыту құралдарымен жеткіліксіз толықтырылуда.

2023/2024 оқу жылындағы мектеп кітапханасының жұмысын талдай отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

Осы оқу жылына қойылған негізгі міндеттер орындалды. Мектеп кітапханасы жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне бұқаралық іс-шараларды өткізуге көмек көрсетті. Әдебиеттерді, сценарийлерді, өлеңдерді таңдауға көмек көрсетілді; кітап көрмелері рәсімделді. Кітапхана кітап пен оқуды насихаттау бойынша жұмыс жүргізді, оқырман активімен жұмыс жасады, сонымен қатар кітапхана пайдаланушыларына ақпаратты әртүрлі ақпарат құралдарында қолдануға үйретті.

7-тарау Білім алушылардың білімін бағалау

2023-2024 оқу жылында 9 сыныпта 62 түлек, 11 сыныпта 38 түлек оқыды. Қорытынды аттестаттауға "бастауыш білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 121 білім алушы қатысты (28.08.2020 жылғы өзгерістермен № 372). Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 51916 бұйрығымен 2023-2024 оқу жылында қорытынды аттестаттау келесі форматта:

9-сынып оқушылары үшін;

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

2023-2024 оқу жылының 9-сыныптарындағы қорытынды емтихан нәтижелері

Пән	Сынып	Оқушылар саны	«5»		«4»		«3»	
			Жылдық	Емтихан	Жылдық	Емтихан	Жылдық	Емтихан
Қазақ тілі	9 «А»	23	4	4	1 1	11	8	7

Алгебра	9 «А»	23	6	5	1 0	10	7	8
Орыс тілі мен әдебиет	9 «А»	23	5	5	7	8	11	10
География	9 «А»	11	3	4	6	6	2	2
Қазақстан тарихы	9 «А»	12	5	6	4	3	3	3
Қазақ тілі	9 «Ә»	21	5	7	9	10	7	4
Алгебра	9 «Ә»	21	6	6	8	7	7	7
Орыс тілі мен әдебиет	9 «Ә»	21	5	6	9	11	7	4
География	9 «Ә»	21	5	9	1 1	8	5	4
Орыс тілі мен әдебиет	9 «Б»	18	3	3	9	8	6	7
Қазақ тілі	9 «Б»	18	4	4	4	6	10	8
Алгебра	9 «Б»	18	3	3	5	5	10	10
Қазақстан тарихы	9 «Б»	18	4	3	9	11	5	3

2023-2024 оқу жылындағы 11-сыныптар бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысы

Пән	Сынып	Оқушылар саны	«5»		«4»		«3»	
			Жылдық	Емтихан	Жылдық	Емтихан	Жылдық	Емтихан
Қазақ тілі	11 «А»	5	2	2	3	3	0	0
Алгебра және анализ негіздері	11 «А»	5	1	4	1	4	0	0
Қазақстан тарихы	11 «А»	5	2	3	2	3	0	0
Орыс тілі мен әдебиет	11 «А»	5	2	3	4	1	0	0
География	11 «А»	3	1	2	1	2	0	0
Ағылшын тілі	11 «А»	2	5	5	5	5	0	0
Қазақ тілі	11 «Ә»	15	6	9	6	9	0	0
Алгебра және анализ негіздері	11 «Ә»	15	5	5	6	8	4	2
Қазақстан тарихы	11 «Ә»	15	4	4	11	11	0	0
Орыс тілі мен әдебиет	11 «Ә»	15	5	7	9	8	1	3
География	11 «Ә»	4	2	4	2	0	0	0

Физика	11 «Ә»	2	0	0	2	2	0	0
Құқық	11 «Ә»	1	1	1	0	0	0	0
Дүниежүзі тарихы	11 «Ә»	4	0	4	4	0	0	0
Биология	11 «Ә»	3	1	0	2	3	0	0
Геометрия	11 «Ә»	1	1	1	0	0	0	0
Қазақ тілі	11 «Б»	18	8	8	9	9	1	1
Алгебра және анализ негіздері	11 «Б»	18	4	5	12	11	2	2
Қазақстан тарихы	11 «Б»	18	10	10	7	7	1	1
Орыс тілі мен әдебиет	11 «Б»	18	13	10	4	7	1	1
География	11 «Б»	4	3	4	1	0	0	0
Информатика	11 «Б»	2	2	2	0	0	0	0
Құқық	11 «Б»	1	0	1	1	0	0	0
Дүниежүзі тарихы	11 «Б»	1	0	1	1	0	0	0
Ағылшын тілі	11 «Б»	1	1	1	0	0	0	0
Биология	11 «Б»	1	0	0	0	0	1	1
Физика	11 «Б»	5	0	1	4	4	1	0
Химия	11 «Б»	3	3	2	0	1	0	0

Оқушылардың таңдау пәндері бойынша білім сапасы жыл қорытындысы бойынша білім алушылардың нәтижелеріне сәйкес келеді. Барлық оқушылар емтихандарды сәтті өткізіп, ағымдағы және қорытынды аттестаттау нәтижелерін растады.

Үй тапсырмасының көлемі (бір оқу күніне) оны орындау шығындарын ескере отырып, мыналардан аспайды: 2-сыныпта 50 минут, 3-4 сыныптарда 70 минут, 5-6 сыныптарда – 90 минут, 7-9 сыныптарда – 110 минут, 10-11(12) сыныптарда – 130 минут.

Бұл көрсеткіштерді пән мұғалімдері сақтайды және мектеп әкімшілігі электронды журнал арқылы бақылайды.

Білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Осы талаптар шеңберінде тексерілді:

- зертханалық, практикалық жұмыстарды жүргізу кестесі.
- пәндер бойынша бөлімдер үшін жиынтық бағалау.
- пәндер бойынша тоқсанға жиынтық бағалау.
- электронды сынып журналдары.

Білім беру процесіне білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізе отырып, білім алушылардың білімін бағалау "білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына, "үлгерімге ағымдағы бақылауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығына сәйкес жүргізіледі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау"

ТЖБ және БЖБ жиынтық жұмыстарының саны үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарымен және нұсқаулық-әдістемелік хаттың ұсынымдарымен айқындалады.

Оқушылардың білімін формативті және жиынтық бағалау белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір пән бойынша жиынтық жұмыстарды жүргізу кестесі әзірленеді және бекітіледі. ТЖБ немесе ТЖБ жүргізу кезінде жиынтық бағалау күніне үш пәннен артық жүргізілмейді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына №8 қосымшаның негізінде жиынтық бағалау нәтижелері талданады. Талдау нәтижелері бойынша 39% - дан аз жинаған оқушылардың тізімі жасалады және білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жұмыс жоспары жасалады.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйесі.

Мотивациясы төмен оқушылар жыл сайын ерекше бақылауда болады. Оқу жылының басында бақылау жұмыстары жүргізіледі. Қорытындысы бойынша оқыту сапасы төмен білім алушылардың тізімі жасалады және жұмыс жоспары әзірленеді.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №132 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты білім /ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімінің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда білім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігіне растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлар мен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Анализ талдаулары мен модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған.

Мектеп директоры мен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған. Тоқсандық және білім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес.

Мұғалімдердің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттесттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 №453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағлауу формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім

алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысымен педагогтың жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып, сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі» делінген. 1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілі оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 06 сәуіріндегі №130 бұйрығы өзгерістер мен толықтыру 16 қыргүйек 2021 жылы №472 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген.

Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

4, 9 сыныптардың білім алушылар мен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостыларын көшірмелері, сонымен қатар осы өлшем шарттардың 13-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі.)

8-тарау. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

Мәселелерді талдау барысында оларды шешудің оң жолдары белгіленді. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша төмендегідей міндеттер анықталды:

1. Білім беру сапасын арттыру мақсатында орта буын білім алушыларының уәждемесін арттыру қажеттілігі.

- Зияткерлік және шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дарынды балаларды анықтау және оларды дамыту және қолдау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

- Дарынды және оқуға ынталы білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуді оңтайландыру.

- Төмен ынталандырылған оқушылармен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін жетілдіру; Осы балалармен үйлестірілген жеке жұмыс жүргізу.

- Жалпы білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету.

- Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында тиімді оқыту технологияларын зерттеу және қолдану.

- Оқушылардың білім сапасы үшін ұжымның әрбір мүшесіне жауапкершілік жүктеу.

- Пәндерді оқу процесінде оқушылардың саналы уәждемесін арттыру үшін сабақтарда қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін оқушыларды оқытудың интерактивті нысандарын енгізу.

Педагогикалық кадрлармен жұмыс:

- Жаңа білім беру технологияларын меңгеру және біліктілікті арттыруды курстық қайта даярлау арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру;

- Шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтарды анықтау бойынша жұмысты жүйелі түрде жүргізу, жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату үшін жағдай жасау;

- Кәсіби шеберлік байқауларына, мұғалімдерге арналған олимпиадаларға белсенді қатысу;

- Мұғалімдерді инновациялық қызметке тарта отырып, жағдай жасай отырып, біліктілік санатын арттыруға ынталандыру.

Мектептің материалдық-техникалық базасы бойынша:

1. Мектеп пен қазандықты күрделі жөндеуден өткізу қажет.

9-тарау. Қорытынды мен ұсынымдар

Өзін-өзі бағалау материалдарына жүргізілген талдау «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылының бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды.

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген мектептің сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде аттестаттау комиссиясының мүшелері «Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі

Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ өзін-өзі бағалау

қорытындысын шығарды:

Мектептің білім беру қызметі оқыту және тәрбиелеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және мектептің құқығын белгілейтін құрылтай, рұқсат беру құжаттарына: білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға және медициналық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептің жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалады, сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және ата-аналар қоғамының қамқоршылық кеңесімен келісіледі.

Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеруге арналған сағат саны мектептің ОЖЖ сәйкес келеді және толық көлемде орындалды.

Ыңғайлы және қолжетімді білім беру ортасы қамтамасыз етіледі (іс-шараларда, секцияларда, вариативтік компонент курстарымен жұмыспен қамту жоғары деңгейде).

Оқу-тәрбие процесінің барлық тараптары мектепшілік бақылаумен қамтылған.

Мектептің тәрбие қызметі оқу және тәрбие бағдарламалары, жалпы мектептік кешенді тәрбие жоспары негізінде құрылды. Оның негізі тәрбиеленушінің үйлесімді дамуына, интеллектуалды, рухани және жеке қасиеттерін ашуға ықпал ететін бағыттар болды. Тәрбие жұмысының барлық аспектілері оқушыларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін жарқын және ерекше көрсетуге мүмкіндік берді.

Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Кітапхананың оқу қоры жаңа буын оқулықтарының түсуіне байланысты ұлғаюда. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

Үйірме жұмысын және факультативтік жұмысты жеткілікті дәрежеде қамту.

Білім деңгейін арттыру мақсатында оқушылардың білім сапасына тұрақты негізде талдау және мониторинг жүргізіледі.

Алынған мәліметтер бойынша мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелері ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестігін растайды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін ескере отырып (6,7,8,9,10,11,12-қосымшалар) мектеп қызметінің барлық бағыттары бойынша жүргізілген жұмысты талдау негізінде сараптама комиссиясы келесі қорытынды жасайды:

«Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бағаланатын кезеңде мектептің жұмысы «жақсы» бағасына сәйкес келеді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін ескере отырып (6,7,8,9,10,11,12-қосымшалар) мектеп қызметінің барлық бағыттары бойынша жүргізілген жұмысты талдау негізінде сараптама комиссиясы келесі қорытынды жасайды:

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі Ж.Бектұров атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бағаланатын кезеңде мектептің жұмысы «жақсы» бағасына сәйкес келеді.